



"Техножүйелер" Ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 8 шілде N 1787.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.09.07. N 2455
Жарлығымен.

Халық шаруашылығының ғылыми қамтымды салаларында ірі технологиялық жобаларды қалыптастыру мен жүзеге асыру, жаңа техника мен жаңа технологиялардың әзірленуін жеделдету мақсатында қаулы етемін:

1. "Техножүйелер" Ұлттық акционерлік компаниясы /"Техножүйелер" ҰАК/ құрылысын, оның құрамына:

Радиоэлектроника мен байланыс жөніндегі ұлттық орталық;

Қазақ мемлекеттік ғылыми техникалық ақпарат институты;

"Жаңа технологиялар" ғылыми-техникалық орталығы

"Ұқсату" ғылыми-технологиялық орталығы

"Қазақпараттелеком" акционерлік қоғамы

"Сирек және таза металдар" акционерлік қоғамы

"Қаражамбасмұнай" ғылыми-өндірістік кешені

"Денсаулық" ғылыми-диагностикалық орталығы енгізілсін.

2. "Техножүйелер" ҰАК-ына:

ақпараттандыру мен есептеу техникасы;

ғылыми-техникалық ақпарат;

радиотехника мен электроника;

байланыс пен телекоммуникациялар;

дәстүрлі емес энергетика мен сирек металдар салаларында ғылыми-техникалық прогресті дамыту;

мұнай өндіру мен мұнай өңдеуде, энергетикада, байланыста, медицинада, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен ұқсатуда, сирек кездесетін элементтерді пайдалана отырып, жаңа материалдар мен бұйымдар жасауда жаңа технологияларды енгізу жауапкершілігі жүктелсін.

"Техножүйелер" ҰАК-ына Приозерск қаласында Қазақстан Республикасының Радиоэлектроника мен байланыс жөніндегі ұлттық орталығының негізінде Жаңа

технологияларының ұлттық технопаркін қалыптастыру тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті екі ай мерзімде:

"Техножүйелер" ҰАК-ының заңдық мәртебесін және оған мемлекеттік құрылымдардың қатысу тәртібін анықтау;

"Техножүйелер" ҰАК-ының аппаратын орналастыру мен қызметін қамтамасыз ету;

"Техножүйелер" ҰАК-ының қарамағына нарықты өткізілуіне қарай құнын Үкіметке өтейтіндей шарт қойып, сирек металдар мен сирек кездесетін элементтердің мемлекеттік резервін беру мәселелерін шешсін.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бір ай мерзімде " Мұнайгаз" Мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы бұрын қабылдаған нормативтік актілерді осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

5. Осы Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті